

Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 шілдедегі № 206 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 тамызда № 2802 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 152 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің
23.05.2016 № 152 қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Қарақия ауданы әкімдігінің "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (К.Байбосынова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Бекқайыровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дауылбаев

Қарақия ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 07 шілде
№ 206 қаулысына
1-қосымша

Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды (бұдан әрі - тасымалдау) ұйымдастыру туралы аудан әкімдігінің қаулысын қабылдау

оқу орындарының әкімшілігімен қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды (ішкі істер органдарымен бірлесіп іс-шаралар жоспары, тасымалдаушы мен көлік туралы мәліметтер, балалардың тізімі, тасымалдауға жауаптыны белгілеу) бекіту

Заңнамада белгіленген тәртіппен балалардың міну орындарынан жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауын жүзеге асыру

Қарақия ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 07 шілде
№ 206 қаулысына
2-қосымша

Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Қарақия ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Автобустардың қозғалыс кестесін оқу орындарының әкімшілігі бекітеді.

4. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсетуді өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

5. Автобустармен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

6. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде оқу орындарының әкімшілігі маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

7. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болады және жолаушыларды, багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары аялдама пункттерінен бөлек орналасады.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

8. Оқу орындарының әкімшілігі балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

9. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда оқу орындарының әкімшілігі рейсті алып тастайды.

10. Автобустардың қозғалыс кестесін оқу орнының әкімшілігі бекітеді.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайтын кезде), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі.

11. Балаларды жаппай тасымалдау және алыс қашықтықтарға тасымалдау оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15-тен астам емес балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда орындалады.

12. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде оқу орындарының әкімшілігі патрульдік автомобильді лектерге ілесіп жүруге бөлу туралы жол полициясы органдарының міндетті белгілеуі бар жазбаша өтінімді ұсынады, сондай-ақ маршруттың қозғалысын бақылауды күшейту бойынша шаралар қолдану үшін жол полициясы органдарын хабардар етеді.

13. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге тасымалдауға дайындық кезінде оқу орындарының әкімшілігі балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метрден кем емес қашықтықта орналасады.

14. Балалардың тұрақты тасымалдауын жүзеге асыру кезінде оқу орындарының әкімшілігі келесідей мәселелер кіретін, арнайы бағдарлама бойынша балалармен тұрақты сабақтар өткізуді ұйымдастырады:

- 1) жиналу орындарында және автобусты күту уақытында қауіпсіздік тәртібінің ережелері туралы;
- 2) отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы;
- 3) автобустың қозғалу уақытындағы және аялдауы кезіндегі тәртіп ережелері туралы;
- 4) тасымалдау кезінде қауіпті немесе төтенше жағдайлар туындағандағы тәртіп туралы;
- 5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы (ересек балалармен сабақ өткізу кезінде).

Сабақты өткізу кезінде жол қозғалысы процесінде және тасымалдау уақытында туындайтын іс жүзіндегі жағдайларды талқылау үшін көрнекті құралдарды пайдалану көзделуі тиіс.

15. Балаларды тасымалдау үшін келесідей жүргізушілерге рұқсат етіледі:

- 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;
- 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;
- 3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

16. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне тыйым салынады:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

3. Қорытынды

17. Осы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК